

Қаратал ауылдық округінде Үштерек елді мекеніне шектеу іс –шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 мамырда № 5029 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 7 қарашадағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 07.11.2017 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабы 3-тармағына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 21 қарашадағы ұсынысы негізінде Қаратал ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қаратал ауылдық округінде Үштерек елді мекенінің ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс- шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаратал ауылдық округ әкімі

Қ. Каримов